

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**ТӘТТІГҮЛ КАРТАЕВА, АЙНҰР БЕЙСЕГУЛОВА, МЕДЕТ
ҚҰРАЛОВ**

**ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ
МӘДЕНИЕТІ ФОТОҚҰЖАТТАРДА**

кітап – альбом

Кітап – альбом Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған. Хаттама №1, 2023 ж.

«BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» мақсатты жобасы қаражаты есебінен қаржыландырылды

Рецензенттер:

Досымбек Қатран - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.
Бекешев Сәрсенғали - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Картаева Т., Бейсегулова А., Құралов М. Оңтүстік-шығыс және шығыс қазақтарының дәстүрлі мәдениеті фотоқұжаттарда. Кітап – альбом. – Алматы:2023.,б.
ISBN

Еліміздің иллюстрацияланған тарихын тануға, тарихты фотоқұжат арқылы нақтылауға мүмкіндік беретін тарихи деректер қатарын визуалды деректер құрайды. Зерттеу нысанындағы аймақ қазақтарының XIX – XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылығы статистар, шығыстанушы зерттеушілер, топографтар мен әскерилер түсірген фотосуреттерде сақталып, ғылыми деректік фотоқұжаттар қатарын құрап отыр. Тарихи кезеңдерде түсірілген кез келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл бере алады және ол мәңгілікке сақталады. Визуалдық фотодеректің маңыздылығы – белгілі бір тарихи кезеңдердегі адамдардың тұрмысындағы этномәдени сипаттарды, дәстүрлі ауылды, дәстүрлі шаруашылықты, материалдық құндылықтарды, тарихи оқиғаларды нақты, боямасыз түрде шынайы таңбалай алуында болып табылады. Кітап – альбомда қазақ жерінің оңтүстік-шығыс және шығыс өңірінде қоныстанған қазақтардың XIX – XX ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі мәдениеті тіркелген фотоқұжаттар топтамасы енген. Кітап – альбомға енген кейбір фотоқұжаттардағы ақпаратқа түсініктеме жазылған.

Кітап – альбом тарих, этнология, музейтану, өлкетану бағытындағы ғылыми ізденушілер, ғылыми қызметкерлер, білім алушыларға арналған.

© Картаева Т., Бейсегулова А., Құралов М.

© «.....»

ӨЛКЕНІҢ ФОТОШЕЖІРЕСІ (АЛҒЫ СӨЗ)

«Оңтүстік-шығыс және Шығыс қазақтарының дәстүрлі мәдениеті фотоқұжаттарда» атты кітап-альбом 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім аймақ қазақтарының XIX – XX ғасырдың бас кезіндегі алғашқы фототіркеулерді қамтиды. 2-ші бөлім аймақтық далалық зерттеу кезіндегі фототіркеулерге арналған.

«Қазақ халқының аймақтық этнографиясы» тарихи этнография ғылымының бір бағыты ретінде әртүрлі өңірде орналасқан қазақтардың шаруашылықты жүргізу қарекетіне қарай дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қарай қалыптасқан ерекшеліктерді анықтайды, әрі бұл бағыттағы зерттеудің ғылымда маңызы зор. Осыған байланысты қазақ халқының бір аймақтағы ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы, материалдық мәдениеті, соның ішінде баспанасы, тұрмыстық бұйымдары, киім-кешектері, ұлттық ойындар, музыкалық аспаптары, мерзімдік қоныстары, дәстүрлі көлік жүйесі тіркелген деректер, құжаттар қатарын фототүсірілімдер қамтиды. Тарихи дәуірлерде жасалған фототіркеулер мұрағат құжаттары және музей қорларындағы құнды экспонаттар қатарын құрайды.

Көне фотоқұжаттар негізінде жергілікті жердің мәдени ландшафтына сәйкес, мерзімдік қоныстар мен жайылымдарды игеру ерекшеліктері, көш кезінде жүк арту, көште жүру тәртібі, көш жолдарының типтерінің тарихи-этнографиялық реконструкция жасау аса маңызды. Біз зерттеу нысанына алып отырған оңтүстік-шығыс, шығыс өңірдің аймақтық ерекшелігін көрсететін фотодеректер негізінде байырғы этнографиялық ұғымдар мен категорияларды ғылыми-практикалық қырынан игерудің отандық этнология ғылымы үшін маңызды зор. Біз зерттеуге алып отырған оңтүстік-шығыс және шығыс аймақ қазақтарының тарихи этнографиясында кейбір фотоқұжаттар «дәстүрлі кезең мен бүгінгі трансформацияланған қоғам қарекеттерінің астасуы» мәселесінде өзгеріске енген немесе жойылып кеткен сирек құндылықтарды нақтылауға айғақ болады.

Аудиовизуалды құжаттардың (кино-, фото-, фоноқұжаттар), ақпаратты құжаттандыру сияқты жаңа дереккөздердің қалыптасуы XIX ғасырдағы техникадағы прогресстер мен жаңа ғылыми ашылымдармен, фотоапаратты қолданысқа енгізумен (1822 ж., француз өнертапқышы Жозеф Нисефор Ньепс, одан кейін француз суретшісі, декоратор Л.-Ж. М. Дагер, ағылшын өнертапқышы В. Ф. Г. Таль-бота, т.б.) байланысты (Чибисов, 1987).

Қазақ жеріне фотоапаратты XIX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап саяхатшылар мен әскери шығыстанушылар зерттеу нысанынан фотофиксация жасау мақсатында алып келген. Осылайша фотоапарат адамзат өмірінің барлық қырларын қамтып, тарихи кезеңдердің шынайы

болмысынан дерекқор қалыптастырды. Бұл сол кезеңнің ғылымы үшін үлкен жетістік болды. Болып жатырған оқиғаны, заман кейіпкерлерін қас-қағым сәтте сол бейнесін түсіріп алып, мәңгі есте қалдыруға мүмкіндік туды. Басылым түріндегі жарияланымдар болғанымен ол халық өмірінің барлық қырларын қамтымауы мүмкін, сызба, фотолар арқылы дерек беру дәлелді болатына белгілі.

Қазақ халқының иллюстративті тарихында маңызды орын алатын фотоқұжаттардың негізгі бөлігін қазақ жерінің оңтүстік-шығыс, шығыс жерінде болған саяхатшылар мен зерттеушілерінің материалдары құрайды. Мұрағат және музей қорларында, сирек кездесетін кітаптар мен басылымдар беттерінде фотосуреттер көрнекі түрде маңызды ақпаратты қамтиды. Олардың кейбір нұсқалары өткеннің қайтарымсыз жойылып кеткен аспектілерін ашу және тарихи жазба деректерде көрсетілмеген жайттарды анықтау мақсатында өте құнды болып табылады.

Визуалды антропологияның негізгі бағытының бірі тарихи, дәстүрлі қоғам келбетін фотоқұжаттар, фототіркеулер негізінде зерттеу. Қазақ халқының фотоқұжаттардағы визуалды антропологиясының ауқымы өте кең. Сондықтан біз бұл мақалада оңтүстік-шығыс, шығыс қазақтарының, яғни Шу, Іле, Қаратал, Ертіс өзендері аңғарындағы қазақтардың аймақтық этнографиялық ерекшелігін фотоқұжаттар негізінде айғақтауды мақсат еттік. Аймақ қазақтарына қатысты фотоқұжаттар коллекциясы музейлік құндылық ретінде ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде (бұдан әрі – ҚРМОМ), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатында (бұдан әрі - ҚРОМҚДМ), Кунскамерада, яғни РФА Антропология және этнография музейінде (бұдан әрі - МАЭ) жинақталған. Қазақ тарихына қатысты тарихи фотодеректердің негізгі дені сондай-ақ Ә. Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасында, Өзбекстанның Ұлттық мұрағатында сақталған.

Қазақ халқының дәстүрлі этнографиясына қатысты фотодеректердің мол қорының жинағы Санкт-Петербургтегі Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунскамера) екені анық. XIX ғасырда қазақ жерінің толығымен Ресей империясының орта иелігіне айналуы себепті, патша үкіметі жергілікті халықты жан жақты зерттеу арқылы жергілікті халық өмірінің барлық қырларын игеруді мақсат еткен.

Кунскамераның иллюстрациялық коллекцияларын жинақтау жұмысы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында қарқынды жүрген. Музейдің директоры, академик В.В. Радлов Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этнографиясы бойынша коллекцияларды жүйелі жинау мақсатында экспедициялар ұйымдастырған. 1880 жылдары Кунскамераға И.С. Поляков, Н.К. Зейдлиц, Н.А. Ермолин қазақтарды зерттеуге арналған фотоколлекцияларды сыйға тартқан. 1894 жылы фотограф Н. Ордэрдэн Орта Азиядағы жергілікті халықтар фотографиялары коллекциясын сатып алған. Музейге 1897 және 1898 жж. Лепсі уезінің бастығы К.Н. де-Лазари Жетісу облысының Лепсі уезі мен Ақмола облысының Көкшетау уезі қазақтарының тұрмысы мен мәдениеті жөніндегі фотоматериалдардың жинақталуына үлкен үлес қосқан. АЭМ фотоколлекциясының тарихы саяхатшы-фотограф С.М. Дудиннің

(1863–1929 жж.) қызметімен байланысты. Біз зерттеу нысанына алған аймақ қазақтарына қатысты фотоқұжаттардың негізгі дені МАЭ қорында жинақталған.

М.С.Дудин, К.Н.де-Лазари, И.С.Поляков т.б. түсірген экспонат-фотолар коллекциясы 1898 жылы Кунскамера директоры В.В.Радловтың «Дала генерал-губернаторлығы қазақтарының тұрмысына қатысты этнографиялық бұйымдарды жинау» туралы жарлығымен толығымен түскен. И.С.Поляков 1877-1880 жылдар аралығында Семей мен Жетісу өңірінен түсірген фотоколлекциясының жергілікті қазақтардың күнделікті өмірінен берер ақпараты зор (Прищепова, 2011: 24, 46). Д.Багаевтың фотоколлекциясы ҚРОМҚДМ мен ҚРМОМ қорында сақталып, өте сирек кездесетін ақпараттарды береді.

Алғашқы фотоқұжаттардың негізгі денін «Казахи 100 лет назад. История в фотографиях» сайтына қойылған (<https://tengrinews.kz/fotoarchive/kazahi-100-let-nazad-istoriya-v-fotografiiyah-1127/>). Сайтта «Портрет семья казахов. Казахстан. Семиреченская губерня. Лепсинский уезд. 1898 год» деген атаумен Бөкей ордасы ханы Жәңгір хан мен оның әйелі Фатима ханшаның Кунскамера музейінде сақталған фотосын қате қойған. Сондықтан, біз зерттеп отырған өңір қазақтарына қатысты фотодеректерге базалық сараптау жасалды.

Визуалдық фотоөнердің өзіндік соны ерекшелігі – белгілі бір тарихи кезеңдердегі адамдардың тұрмыс қарекетіндегі этномәдени сипаттарды нақты, боямасыз түрде, қимыл қозғалыстың, этникалық стереотиптерінің үлгілерін, мінез, әрекет, қозғалыста шынайы таңбалай алуында болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ХІХ ғасырдағы өлке тарихына қатысты жаңа, соңғы зерттеулерде визуалдық фотоқұжаттардың деректік мәлімет ретінде маңызы ерекше құнды.

Тарихи кезеңдерде түсірілген кез-келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл бере алады және ол эпизод мәңгілікке сақталады. Уақыт керуені алға жылжыған сайын олардың тарихи-мәдени құндылығы арта түседі. Әсіресе қазіргі кезеңде жойылған, қолданыстан шыққан дәстүрлер, байырғы тіршілік қарекеттері, атап айтқанда мерзімдік қоныстарға көшу, керуен жолдарында кіре тарту, шеберлердің дүкен ұстауы, қос тігу, шығыр, атпа орнату, түйе, өгізді жұмысқа жегу, сал ағызу, қайықпен жүк өткізу, дәстүрлі қыстық баспаналар жертөле, жеркепе, қоржын там, тоқал тамдар тұрғызу, қолданыстан шыққан дәстүрлер (ұзатылған қызды атқа мінгізіп аттандыру, өлікті түйемен апарып жерлеу, бейіт басына жылқының бас сүйегін қою, бақсылардың дерт көшіруі, т.б.) сияқты халықтың тарихи этнографиясынан бейнелейтін факторларды осы фотодеректерден табамыз.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ жерінде болған саяхатшылар, зерттеушілер, әскерилер мен статистар түсірген фотосуреттер қазақ халқының дәстүрлі тұрмысы мен мәдениетін, дәстүрлі шаруашылықтың ырғағын айғақтайтын *фотоқұжаттар*, *фотодеректер*, *визуалды деректер* қатарын құрайды.

Қазақ тарихы мен этнографиясының маңызды қырларын қамтитын визуалды деректер ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, ҚР Орталық Мемлекеттік фотоқұжаттар және дыбыс мұрағаты қорларында, ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, Ресей және Орта Азия елдері музейлерінде, алғашқы авторлар еңбектерінде сақталған. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында, Музейлік, мұрағаттық фотоқұжаттар қорындағы 1920-1928 жылдары түсірілген суреттер де қаймағы бұзыла қоймаған дәстүрлі тұрмыстан мәлімет береді.

Қазақ халқының мәдениеті, өнері, тұрмысы мен шаруашылығы т.б. салаларға қатысты М.Хордет, А.С.Муренко, П.Лейбин, А.Г.Багаев, Л.П.Полтарацкая, Н.С.Нехорошев, С.М.Дудин фотосуреттері коллекциясы музейлер мен мұрағаттарда сақталып, ғылыми деректік фотоқұжаттар қатарын құрап отыр. С.М. Дудин қазақтар арасында болып түсірген фотоларын 1899 жылы Парижде ұйымдастырылған Орталық Азия көрмесінде көрсетсе, Любовь Полтарацкая 1880 жылы Сібір экспедициясы құрамында жүріп қазақтарға қатысты түсірген 50 фото-деректерден «Виды и типы Западной Сибири» атты альбом құрастырып, бұл еңбегі үшін Ресей патшасының «Үлкен күміс» медалымен марапатталған.

Дәстүрлі тұрмыс ерекшеліктерін сақтаған қазақтардың көшпелі өміріне қазақ жеріне келген зерттеушілер, саяхатшылар, қызметкерлер үлкен қызығушылық танытқан. Қазақ жерінде 1898 жылдан жүргізілген ауыл шаруашылығы санағына қатысқан статистар, губернаторлықта жұмыс жасаған әскери шығыстанушылар, экспедициялық мақсатта келген зерттеушілер жинаған фотодеректер қатарының да маңыздылығы ерекше, олардың қатарында В.Оливецкий, А.Л.Кун, А.Фишер, В.Ю.фон-Бранке, С.Неуструев, Ф.А. Фильструпты атауға болады.

Ауылшаруашылығы кезінде статистар, топографтар өздері түсірген суреттерді санақ жинақтары, Статистикалық комитеттерден, әскери губернаторлық тарапынан шығатын кітаптар беттеріне салып, ғылыми айналымға ендіріп отырды. Статистар жинаған фотодеректер қазақтардың көшпелі өмір салтының ерекшеліктерін деректі дәлдікпен фиксациялаған бейнелі дереккөздердің біріне жатады.



*Статистардың ауыл ақсақалдарына сауалнама жүргізу сәтінен.
Васильев фотосы.*

Біз зерттеу нысанына алған аймақ қазақтарының этнографиялық иллюстрациясын саралауға XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі фотоқұжаттарды іріктеп алдық. Этнографиялық далалық зерттеуде, музейлік этнографияда ұлттық құндылықтарды фототіркеудің өзектілігі өз маңызын жойған жоқ. Тарихи фототіркеулер пленка, басылымдық, репродукциялық фотоқорларды құраса, қазіргі заманғы этнобарлау, этноэкспедициялар фототіркеуінде цифрлы қорда сақтау, цифрлы шифрлау әдісі тиімді (Ушаков, 2014; Громов, 2005; АЭМ) Өткен дәуірдегі фотобасылым, фотопленкалар түріндегі тіркеулерді ғылыми өңдеу, атрибуциялау негізінде қайта басу «құжаттарды цифрландырудың» заманауи талаптарына жауап береді.

ҚР Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған Павел Абрамович Лейбин мен Булгаков фотоальбомдарының аймақ қазақтарының иллюстрациялы этнографиясының деректілігі ретінде маңызы зор (бұдан әрі - Лейбин альбомы; Булгаков альбомы). Кітап-альбомға негіз етіп алынған П.А.Лейбин мен Булгаков альбомындағы фотоқұжаттардағы дәстүрлі қоғам құндылықтарын жазба деректердегі ақпараттармен негіздедік.

Булгаков альбомы (кітап-альбом ішінде – БА). Ресей Ғылым Академиясының Қазақстан экспедициясының антропологиялық отрядының негізгі жұмысы қазақ жерінің батыс өңірін қамтығаны белгілі. Антропологиялық отряд фотографы Булгаков «Ақтөбе: Әлімбетов, Қаратоғай, Ақтөбе болыстары» тақырыбынан түсірген суреттерден құрастырған альбомына Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты

облыстардан, қазақ жерінің оңтүстік-шығысынан және шығысынан, Таулы Алтайдан, Батыс Сібірден түсірілген жалпы саны 90 фотосурет жапсырылған картонды беттер альбомның алғашқы парақтары ретінде қосымша біріктірілген. «Булгаков альбомына» біріктірілген беттер «Жетісу облысы», «Батыс Сібір», «Семей облысы», «Пішпек уезі, Сусамыр», «Сырдария облысы» атты тақырыптарды қамтиды. Альбом алғашында Жетісу губерниялық кітапханасында сақталған, кейін Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөліміне өткен. Булгаков альбомының біріктірілген алғашқы бөлімі, яғни біз зерттеуге алып отырған оңтүстік-шығыс, шығыс өңірге тиесілі фотолардың авторының кім екенін немесе Булгаковтың қолына бұл фотопарақтар қалай түскені жайында жинақ иесі жазып қалдырмаған.

Фотоальбомның бірінші бөлімі «Жетісу облысы» деп аталып, өңірден түсірілген 20 фотосуретті қамтиды.

«Тарантас» фотолары Семей-Верный пошта жолында, «Гастфорт өткелінен», «Тамерлік станциясы мен Пржевальск уезі Кенгі мекені арасындағы пошта жолынан түсірілген. Тарантас – бір немесе екі атқа қатар жегілген, орындық қойылып жасалған күймесі бар, адам тасуға арналған, төрт дөңгелекті қатынас көлігі. Балуан Шолақтың *«Ойнап күліп бірге өскен Ғалияжан, Кел екеуміз мінейік тарантасқа»*; Шәкәрімнің *«Тарантас толып жатыр пар ат жеккен, Қараса көбі төре шенді шекпен»* деген сөздері тарантастың сипатын аша түседі (Қазақтың дәстүрлі этнографиялық, 5 том, 2017: 310). Зерттеушілердің де қатынас көлік құралы тарантас болғанын Егізбай Толыбаев есімді Қапал уездік басқарманың полицейі, әрі жолсерік жігіт ағасының осы көліктің алдында фотоға түсуі айғақтай түседі. Мерзімі көрсетілмегенімен «XX ғасырдың басы» деп топшылауға болады. 1967-1868 жж. «Уақытша ережелер» бойынша Ресей патшалығы жасауыл міндетін қосымша болыстар мен старшындарға жүктеген, сот орындаушылық қызметті де қоса міндеттеген (Қазақтың этнографиялық... 2017, 2 т.,: 364). Егізбай Толыбаевтың жасауыл болуы мүмкін. Егізбай Толыбаев жолсеріктің киімі дәстүрлі, басына бөрік, үстіне сырма күпі киіп, белін кісе белдікпен буынған.

«Түйе келесі», «Сергиополь тауының етегі» фотоларындағы жайылымда жүрген екі өркешті түйелер келесі, өзенді кешіп суаттап тұрған жылқы үйірі өлкедегі дәстүрлі мал шаруашылығының сипатын береді.

Өңірден түсірілген алғашқы фототіркеулер өңірде негізінен екі өркешті айыр түйе өсірілгенін айғақтайды. Сондай-ақ Жетісу петроглифтерінде де негізінен түйенің екі өркешті түрінің суреттері кездеседі. Ал, қазіргі таңда Күрті, Жаркент сияқты Жетісу аймағына бір өркешті нар түйе жерсіндірілген. Жетісуға Қызылқұмнан алып келіп жерсіндірген бір өркешті түйелер Күрті өзені аңғары және Жаркент өңірінен далалық зерттеу кезінде бақыланды.

«Ақсу бекеті маңындағы қазақ киіз үйі» фотосы киіз үйдің артқы жағынан түсірілген, себебі киіз үйдің есегі көрінбейді. Киіз үйдің туырлығы түріліп тұруы күннің күндізгі уақыт екенін аңғартады. Көк майса шөптің

ортасында бір топ ер адамның ақылдасып немесе әңгімелесіп отырған кезеңін бейнелейді.

«Жетісулық қазақ» фотосының алдыңғы фонында өгізді ерттеп мінген қазақ және ерттеулі ат, ал артқы фонда күймелі арба жегілген ат көрінеді.

«Верный уезі тараншы әйелдері» атты фотоға үш жас ұйғыр әйелдерінің ортасында үстіне кең етек көйлек, сырма шапан, кимешек киген қазақ әйелі түскен. Фотоның Верный уезіндегі ұйғырлар мен қазақтардың қоралас отырған ауылынан түсірілгені анық.

Екінші бөлім «Батыс Сібір» деп аталып, оған Ертіс өзені бойындағы Омск қаласы мен Ертіс өзенінің төменгі ағысы бойындағы елі мекендер Семей өңірінен түсірілген 20 фото енген.

«Омск қаласы. Ертіс өзені қалалық бекетке паромның келуі» атты фотодағы кеме ағаш кесінділерінен құрастырылғаны анық көрінеді. Кемеге бірнеше адам, жүгімен отырғызылған.

«Егістіктегі қазақтар» фотосындағы шалғы, қолорақ сияқты шаруашылық бұйымдарымен қатар, егістік алқапта жұмыста жүрген бір әйел адам, төрт ер адамның бейнесі арқылы сол дәуірдің киім үлгісінен ақпарат береді.

«Семей облысы» деп аталған үшінші бөлім Өскемен өңіріндегі Ертіс жағалауы бойындағы егістік алқаптар мен Зайсан уезінің Көкпекті елді мекенін түсірген 50 фотоны қамтиды.

Павлодар өңірінен Ертіс өзені үстіндегі адам таситын еспелі қайықтар, мен ауыр жүк өткізетін ағаштан құралған паромдар, кемелер жергілікті қазақтардың су жолдарын дәстүрлі игеруінің айғағы.

«Қарқаралы уезіндегі қазақ көші» атты фотода киіз үй артылған төрт дөңгелекті арба екі өгізге қатар жегілген. Өгіз жақын қашықтыққа көшетін ауылдардың көлігі, себебі ірі қараның тұяғы алысқа көшуге жарамаған. Көшу жолдары мен көшу типтері көшпелілер қоныстанған аймақтардың табиғатына байланысты қалыптасты. Жетісу, оңтүстік-шығыстағы шұрайлы жайылымдар таулы-тасты аймақтарда болғандықтан тау шатқалдарын бойлай көшпелілер «тік» немесе «вертикальды» көшіп отырды. Қарқара өңірі және Шығыс Қазақстан, Жетісу өңірі, ішінара Орталық Қазақстан көшпелілері арасында көшудің «тасымал» түрі қалыптасты. Көштің тасымал түрінде ауылдың бір бөлігі бірінші көшіп, белгілі жайлауға келіп қонған соң, жүк көліктерін қайта қайтарып, ауылдың қалған бөлігін көшірді. Тасымал көші 3-4 қатынауға дейін созылды. Көштің бұл түрі қысқа жолға көшушілер арасында немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар арасында қолданылды. Ең қысқа көшу қашықтығы 40 шақырым болған (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 158).

Төрт дөңгелекті арбаның да кең қолданыста болған өңірі - оңтүстік-шығыс пен шығыс. Фотодеректер оңтүстік-шығыс пен шығыс қазақтары жүктерін арбаға артып, көшу көлігі түйе, ат және өгіз болғанын дәлелдеп отыр. Яғни, біз зерттеу нысанына алып отырған қазақтардан Әулиеата уезінде қоныстанған тамалардан басқасы қысқа қашықтыққа көшкен. Ал, Әулиеата тамалары жайлауға “Жетіқоңыр” көш жолы арқылы Бетпақдала,

Арқаға барғаны белгілі. Салыстырып айтар болсақ, Сыр-Арал-Каспий аңғарында жүк негізінен түйеге артылды, себебі дөңгелекті арбалар көш керуен жолдары түскен Қызылқұм, Қарақұм, Арысқұм, Дариялықтақыр сияқты құмды алқапта жүруге қиындық тудырады, оның үстіне ұзаққа көшетін тайпалардың негізгі көлігі, ат пен түйе болды (Арғынбаев, 1969: 64;).

Альбомға енген Пішпек уезі, Сусамыр өзені аңғарындағы жайлаудан түсірілген жалпы саны «Сусамыр жайлауы» тақырыбындағы 5 фотоньң жайлаудың келбеті, қазақ жылқысының түрлері мен жергілікті қазақтардың дәстүрлі киім үлгісінен берер деректік маңызы жоғары. (Алибий, 1903: 358)

«Туркестанские ведомости» газетінің корреспонденті «Әлібии» атты автор Сусамыр жайлауының сипатын, шұрайлылығын «Қарақопалдағы Ханжайлау, Жуалы жайлауларынан асып түседі», деген. Сусамырға Әулиеата, Пішпек, Наманган, Әндіжан уездерінің қазақтары жайлауға келеді. Наманган қазақтары Сусамыр өзенінің сол жақ бетіндегі жайлауларды, ал Пішпек, Әндіжан уездері қазақтары Сусамырдың Пішпек жақ бетін, Әулиеата қазақтары Сусамыр өзенінің сол жақ бетіндегі Балықты, Шымбала, Қорымды, Дөңқорымды, Үшбұлақ, Қарала арша, Шеткіқорымды, Қарабалты жайлауларын иемденген. Сусамыр өзінің бастауын таудан аққан Үтмек, Алабел, Мостұр өзендерінің қосылысынан алады. Суы таза, мол. Сусамыр жайлауында тамыз айының ортасында күн салқындайды. Сол себепті күздеуге тамыз айында көтеріледі. Дөңқорымды қонысындағы тоғайда қабандар мекендейді. Қыста Сусамыр қонысында ел болмайды. Қысқы Сусамыр қасқырлардың қабандарға шабуылымен танылады (Алибий, 1903: 359).


Сусамыр дулаттардың жайлауы болған. Алғашқы ауылшаруашылығы санағында статистар келесідей мәлімет берген: «Талас, Мерке, Үшқорған дулаттары көктеу мен күздеуде Мойынқұм құмында, жазда Шотқала, Ұзын Ахмет, Сусамыр жайлауларына, ал Әулиеата уезінің батысында орналасқан дулаттар Александровск қыратының екі жақ сілімдеріндегі, Қаратау тауларының жоғарғы сілімдеріндегі жайлаулық жерлерге көшкен. Бұл жайлаулардың шөбі шүйгін, көк майса болғандықтан, мал тез семірген. Жайлауда дулат ауылдары тамыздың ортасына дейін, ал Мойынқұм құмдарында күздеуде қар түскенше отырған» (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 72, 125). Осы Сусамыр жайлауының шұрайлылығы «Сусамыр – елдің жайлауы, Өмірдің бар ма байлауы» атты жолдармен халық әніне арқау болған. Ал, Верный уезінің дулаттары тұрақты бір жерде қыстағанымен, қыстың ауа райына қарай жайылымды ауыстырып отырды. Күрті өзенінен Балхаш көліне дейінгі аймақты алып жатқан Тауқұм болысын мекендеген ботпай руының ауылдары Ақжал, Жуантөбе қыстауында қыстағанымен, бұл жерде ұйытқыш соққан боран, желдің әсерінен мал арып кетпес үшін ірі-қараны қыста қолға ұстамай, оларды Іле өзені қойнауындағы қамысқа қарай айдаған. Бұл өңірдегі ауылдар қоныстары Ақсүйек, Алажол, Тоқмақ уезі, Ботабөру, Қызылақтау, Аяқұм, Жирекоты, Жауқантөбе, Қамау елді мекендері болып саналады» (Баллицкий, 1873: 21-23).

Оңтүстік-шығыста қоныс тепкен дулаттар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен, қосалқы шөп шабумен айналысты, ал қазақ жерінің оңтүстігінде қоныстанған дулаттар мал шаруашылығымен қатар егіншілікті қоса кәсіп етті (Баллицкий, 1873: 21-23; Загряжский, 1874: 97-98, 110-111).

Әулиеата уезіндегі қазақ ауының, Әулиеата тауының Үлкенқопа өткелі, Әулиеата тауының етегіндегі елді мекендер көрінісі, Шашқан өзенін салт аттылардың кесіп өтуі тақырыбындағы фототіркеулер 15 фотоны қамтыған. ХХ ғасырдың басында Әулиеата қаласы көшелерінде салт аттылардың жүруі, қала келбетінің сол уақыттағы дәстүрлі қоғам сипатының арылмағанының дәлелі.

Лейбин альбомы (кітап-альбом ішінде – ЛА). Қазақстан еврейлері тарихында жарқын із қалдырған Павел Абрамович Лейбиннің әкесі Абрам, атасы Саламон да фотографиямен шұғылданған. Атасы Саламон Семей қаласына генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийдің қолдауымен 1865 жылы Томск губерниясынан келіп қоныстанған (Гринберг, 2005: 10). Келіп жеткен ақпараттар бойынша фотография ісін Германия немесе Франциядан үйренген. Семей қаласында фото ісінің негізін қалап, Шоқан Уәлиханов пен М.Достоевский, Құнанбай мен Абай отбасының фотопорттерінің авторы ретінде тарихта аты қалады. Саламонның ұлы Абрам Верный қаласына 1872 жылы орналасып, әкесінің ізімен Верныйда фотография ісін жолға қояды. Абрам Лейбиннің өлкені фототіркеу арқылы Ресейлік патша үкіметіне таныстыруы император тарапынан қолдауға ие болып, 1896 жылы «императорлық күміс медальмен, ал 1903 жылы «императорлық алтын медальмен» марапатталады. Әйелі Сара екеуінің үлкен ұлы Павел інісі Бариспен бірге Верныйда кітап, баспа, жарнама ісін дамытады, сондай-ақ Павел Лейбин Жетісудың картасын жасайды. 1910 жылы Верныйда болған жойқын жерсілкінісінен Абрамның әйелі Сара мен Павелдің әйелі қатты зақым алып, денсаулықтарының төмендеуіне байланысты Верныйдан қоныс аударуға мәжбүр болады. Қарт фотограф Жетісу облысының әскери губернаторына жазған хатында: «Жетісу – менің екінші Отаным, менің өмірдегі барлық жетістіктерім, ең жақсы естеліктерім, адамдармен ең жақсы байланысым осы қаламен байланысты. Жетісумен арадағы қарым-қатынасты үзу маған ауыр тиюде, бірақ мұнда қалу да азапты», - дейді (Гринберг, 2005: 11)

Картография, баспа ісімен қатар, фотография тарихында аты қалған Павел Лейбин Ресей патшасы Романовтар әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына орай 1913 жылы Верный қаласында ұйымдастырылған Жетісу ауылшаруашылық өндіріс көрмесіне қатысып, көрме фототографы қызметін атқарған (Проскурин, 2001: 51-62; Брусиловская, 2018). Көрмеден түсірілген 139 сурет жапсырылған альбомның бір данасы Жетісу облысы Әскер губернаторы Михайл Александрович Фольбаумға сыйға тартылған.



П.А.Лейбин альбомының мұқабасы

Көрмеге сол кезеңдегі Жетісу облысына қараған Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Бішкек, Пржевальск уездерінің қазақтары қатысып, бірнеше киіз үй тігілген. №89 фото «Қазақ көрмесі» деп аталып, алайды объективке тек үш киіз үй сыйған. Көрменің «Қазақ бөлімі» деп аталған киіз үй алдында Ресей патшалығының



Жетісу ауылшаруашылық өндіріс көрмесіндегі қазақ киіз үйлері тігілген көрме. 1913 ж. Верный.


№78-79, 90-118, 120-122 фотолар киіз үйдің ішінде құрылған ішкі интерьер мен үй ішінде көрсетілген қолөнер бұйымдары, тұрмыстық,

шаруашылық бұйымдар, аң терілері, қару-жарақтар экспозициясын таныстырады.

Киіз үйлердің жанынан өрмектер құрылып, қазақ әйелдері тоқымашылық өнердің үлгісін көрсетеді. Көрмеге аясында Алматының тау баурайларында бәйге, батырлар сайыстары, аңшылар көрмесі ұйымдастырылады. Альбомға енген «Батырлар сайысы» фотосы көрме аясында ұйымдастырылған ат үстінде найзаласу сайысы барысында, «Бәйге», «Аламан бәйге», «Аңшылар», «Музыканттар», «Батыр» көрме аясындағы түрлі мәдени бағдарламалар кезінде түсірілген.

П.А. Лейбин аталмыш көрме барысында жасаған фототіркеулерінен 139 түсірілімді шығарып, Жетісу облысы Әскери губернаторы генерал-лейтенант Михайл Александрович Фольбаумға арнап сыйлық альбом етіп ұсынады. Альбомға енген фотолар жоғарғы жағынан реттік санмен белгіленген (Лейбин альбомы, №1-139), әр фотоның астына автордың өз қолымен жазған атауы берілген. Кеңестік ұжымдастыру кезеңінде 1928 жылы 7 қазанда Алматының қара базарынан осы альбомды Алаш қозғалысының қайраткері, Алашорданың Қапал уездік кеңесінің және «Еркін дала» қозғалысының мүшесі, жергілікті Алаш милициясын құруға ат салысқан Мырзахан Төлебаев сатып алған (Төлебаев Мырзахан. Ұлттық Энциклопедия. 1998, 8 том.).

М.А.Фольбаумға арнап құрастырған П.А.Лейбиннің бұл фотоальбомын М.Төлебаевтың кімнен сатып алғаны, сатқан адамның қолына альбомның қалай түскендігі жайында жазба дерек жоқтың қасы. М.Төлебаев бұл альбомды өзінің сатып алған уақыты «1928 жыл 7 қазан» күнін көрсетіп қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кітапханасына тарту етеді. Альбомның алғашқы бетіне «Первому рассаднику Социалистической культуры Казахстана Казахскому Государственному университету. Скромное приношение Мурзахана Төлебаева. 7-е октября 1928 г. Г.Алматы. Снимки фотографа П.Лейбин» деген қолтаңбаны сиямен салынған рама ішіне жазады.



Алашордашы Мырзахан Төлебаевтың П.Лейбин альбомын Қазақ Мемлекеттік университетіне (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) сыйға тарту қолтаңбасы.

Яғни бұл альбомның «ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихында» елеулі орны бар. Кейін бұл фотоальбом Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына өтеді. Альбом П.Лейбиннің түсірілімдері екенін М.Төлебаевтың өзі жазып қойса да, «Ұлттық энциклопедия», «Алаш» электронды кітапхана сайтында 1913 жылғы аталмыш көрме экспозициясын қамтыған осы фотоларды М.Төлебаевқа теліп қате ақпарат берген.

П.Лейбин көрмеден түсіріп алған «Музыканттар» деп атаған фотода бір топ әнші-жыршылардың ортасында домбыра ұстаған Жамбыл Жабаев та түскен (Лейбин альбомы, №84/29 п). Бұл Жамбыл Жабаев туралы алғашқы жарияланымдардың бірі болып саналады (Садырбайұлы 1996, 5). П.А.Лейбиннің Жамбыл Жабаев түскен осы фототүсірілімін Шу өзені бассейнін суландыру жобасының жетекшісі, қатынас жолдар инженері В.А.Василев өзінің Шу аңғары зерттеулерінің нәтижесін ғылыми айналымға ендіруге «Қазақ оркестрі» деген атаумен көшіріп басады (Васильев, 1915, 166а).

В.А.Василевтің осы шығармасын көркемдеуге П.А.Лейбиннің «Аушы құстар ұстаған аңшылар» (Лейбин альбомы, №86/ Василев, 1915, 164а) фотосын да қолданған.

П.А.Лейбин 1913 жылы түсірген осы фотоларының кейбірін 1914 жылы жарыққа шыққан «Азиатская Россия» кітабы ішкі мазмұнын көркемдеуге берген. Соның бірі П.Лейбин «Күйеу жігітке барар алдындағы қыздар» («Перед поездкой к жениху» №55, 10 п) деп атаған фотоны «Жетісудың бай отбасының қыздары» деген атаумен «Азиатская Россия»

көшіріп басқан. (Азиатская Россия, 1914, 1 т.: 152а). П.А.Лейбин түсірген бұл фотоның дұрыс атауы «Қалыңдықтар» немесе «Ұзатылар алдындағы қыздар» болуы керек еді. Фотоларға берілген атаулардағы қателік П.Лейбиннің қазақ тілін толық меңгермегені немесе жергілікті қазақтардың жеткілікті түсіндіре алмауынан болса керек. Фотоның атауы екі түрлі болғанымен мазмұны бір, ұзатылар жастағы бойжеткен қыздар екені, әрі киімдерінен ауқатты отбасынан шыққан қыздар екені байқалады. П.А.Лейбин фотоальбомын беттегенде фотолардың тек ауыл шаруашылық көрмесінен түсірілмегенін байқауға болады.

П.А.Лейбин түсірген «Верный қазақтары» фотоқұжаттардың 28 данасы МАЭ қорында жинақталған. «МАЭ» музейлік паспортында фотқұжаттардың музейлік паспортында Павел Соломонович Лейбинге және А.С.Лейбинге (Абрам Саламонович) тиесілі деп көрсетілген. Дұрысында Павел Абрамович Лейбинге (П.А.Лейбин) тиесілі деп көрсетілуі керек (<http://collection.kunstkamera.ru/entity/OBJECT?person=3648150>).

Альбомға оңтүстік-шығыстағы қазақ ауылдарын аралау барысында «Жетісу қазақтарының көші» «Киіз үй жинау», «Тең арту», «Үй тігу», «Көш жолында» (№11-13, 15-18) сияқты тақырыптарда түсірген фотоларда енген.

П.А.Лейбиннің аталмыш альбомға енген «Қой сауу» деп аталатын фотосында (Сурет 3) шешесі мен қызының қой сауу кезі жеке бір қойды сауу кезінен түсірілген. Ал П.А.Лейбин өзінің әріптесі В.А.Васильевке топтық қой сауу үрдісін ұсынады (Василев 1915, 156а). Фотода елу шақты сауын қойын екі жаққа бөліп бір желіге көгендеп байлап, 4 әйелдің қатар сауып отырғанын көруге болады. Далалық зерттеулер кезінде сұхбаттасқан «дерек кісілер» Жетісу өңірінде қойды көгендеп сауу ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдарына дейін жалғасқанын айтады. Қазіргі таңда қойды көгендеп сауу бұл өңірде қолданыстан шыққан.

«Бие сауу» (Лейбин альбомы, №19-21) Жетісудың нақты қай жайлауында түсірілгені айтылмағанымен шұрайлы мерзімдік қоныс екені анық байқалады. «Бие сауу» фотосының бірінде құрықтың жібін биенің басынан өткізіп құрық сабын үстіне қойып қою арқылы арқылы биені сауу кезінде жуасытып тұру сәтін және ұсталар соққан дәстүрлі қаңылтыр көнекті көрсетеді (Лейбин альбомы, №20; МАЭ И 1292-12). Екінші фотода құрық бие мойнына сүйелген (Лейбин альбомы, №21). Далалық зерттеуде биені құрық қойып жусату әдісін, бие қорада байлау, дәстүрлі жайылымда болса, биелерді желіде байланған құлын қораға әкеп сауу ауыстырғаны тіркелді. Мұндай тарихи дәуірдегі фототіркеулер көне ғұрып, дәстүрлердің қазіргі заманда өзгеріске ұшырауы, трансформациялануын сараптауға негіз болады.

Жетісу өлкесінде бие байлау, бие сауу дәстүрінің «(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» санаты бойынша «Қазақ жылқышыларының көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері» деген атаумен 2018 жылы ЮНЕСКО Материалдық емес мәдениет мұралары тізіміне енгізілді. Жетісу жерінің шұрайлылығының өңір қазақтарының бие байлау дәстүрі және қымыз мәдениетінің ерекшелігін сақтауда ролі зор. (<https://ich.unesco.org/en/lists>).

П.А.Лейбиннің «Аңшылар» атты фотосының көрмеге аңшылардың қасқыр, түркі, қарсақ сияқты түз жануарларын, марал сияқты қоңыр аңдарды тірілей, байлап алып келуді бейнелеумен ерекшеленеді. П.А.Лейбин «Аңшылардың» топтық фотосын да Василев кітабын көркемдеуге ұсынған (Лейбин альбомы, №86-89; Василев, 1915). Оңтүстік-шығыс аңшыларының қасқырдың аузын буып, түлкінің, маралдың мойнына қарғы салып алып келуі, олардың қырағылығымен қатар, асқан батылдығын көрсетеді.

Қасқыр, түлкі, қарсақты тірілей қақпан салу арқылы не құс салу арқылы аулайды. Оңтүстік-шығыс аңшыларының арасында дала аңдарына қақпан салу әдісінің кең қолданғандығы жайлы жазба деректер де аз емес. Соның бірі Жетісудағы қансонарды сипаттайтын І.Жансүгіровтың «Қақпан» өлеңі.

«...Жортқанды ойды - қырды, тамақ айдап,
Қалыпты қанды қақпан, қасқыр шайнап.
Қақпанды қазықтаған, арс - ұрс қауып,
Ызалы долы шіркін жатыр шайнап...
...Қу қақпан, күйсіз қақпан, жарлы қақпан,
Майланып бүгін қасқыр алды қақпан.
Сілейіп, қанжулы боп жатты көкжал,
Ығыр қып елге шапқан, зар жылатқан...». (Жансүгіров, 2004: 269-271).

Әрі аңшылықтың бұл көне әдісі Жетісу, оңтүстік-шығыста да осы күні де қолданыста (АЭМ) Құсбегілердің шоғырлы тобы Жетісуда құс салудың ерекше дамығанының дәлелі. Жетісудағы құсбегілік ерте кезден осы күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған мұра. Атақты Қабылиса (Қабан) жыраудың «...Саяттың саңлақ бағы, құс қайырып...», - деуі саятшылық пен құс қайырудың Қабылиса жыраудың туып өскен Жетісу өңірін мекендеген тайпалардың аңшылық (аң қағу) кәсібінен ерекше орын алғандығының көрінісі. Сапарғали Бегалиннің «Қыран» поэмасына, Қазақстанның халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың «Уәли Шора құсшының әңгімесі» дастанына арқау болған атақты құсбегі Жалайыр-Уәли Шора Қабылиса жыраудың замандасы, Жетісудан шыққан құстың тілін білген әулие (Картаева, 2022: 60). П.А.Лейбиннің «Аңшылар» топтамасындағы құсбегілік өнердің жалғасы оңтүстік-шығыста осы күні де жоғары деңгейде екендегі далалық зерттеулер барысында бақыланды және цифрлы фототіркеуге алынды (Сурет 7-8). Қазақтың құсбегілік өнерінің «Сұңқармен аң аулау, адамзаттың тірі мұрасы» атаумен «(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» санаты бойынша ЮНЕСКО Материалдық емес мәдениет мұрасы тізіміне енгізілуіне де Жетісу, Алматы облыстарындағы құсбегілік өнердің дамуы мен насихатталуы негіз болғаны анық (<https://ich.unesco.org/en/lists>).

Алғабас сапарында тіркеуге алынған қолға үйретілген бүркіт 1 жаста, аты – Мұзбалақ. Балапан-бүркіт 2021 жылы күзде Еспе шатқал, тауларынан алынған. Нұрданхан ақсақал 2012 жылы Қытайдан қоныс аударған. 16 жасынан бастап 70 қыран құс баптаған, соның ішінде 13 қыранды қазақ

жерінде баптап ұшырған. Бұл құсбегінің атақоныстағы 14-ші қыраны. Қыран құстардың ішінде бүркіт ұясын таудың қия жартасына, шынға салады. «Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды», - деген қазақ мақалындағы «қия» сөзі осы жартас қиясынан алынған. Көп өсіп-өнбейді, 1-2 жұмыртқаны шәулісі мен ұябасары кезектесіп басады. Ұяны тек балапан басып, оны қанаттанғанша пайдаланады, сосын қыран құстар (бүркіт, сұңқар) адам тиіспесе бір ұяны бірнеше рет пайдаланады, тек құсбегілердің балапан алғанын көрсе, бұл ұяға қайтып келмейді. Балапаны өсіп «темірқанат» деген күйге жетіп, ұшуға талпынғанда құсбегілер ұяға жоғарыдан түскен. Ұзын құрықпен мойнынан іліп немесе тор жауып, «кұндақтап бөлеп» алып, одан әрі аушылыққа баулыған. Құсбегілер баулыған аушы құсына қанша бауыр басса да қартайғанша ұстамаған, құстың табиғатына қарсы келмеген, аушы құстың ұрпақ әкелетін, жұптасатын (күйойнақ) жасына жеткенде қайта ұшырып жіберген (АЭМ).

Киіз басуда «білектену», сырмақта «түр басу» (Лейбин альбомы, №23-24; МАЭ И 1292-15) үрдісінің ұжымдық жұмыс екені көрініс тапқан.

«Тұз үгету», «тұз булау» фотолары табиғатты дәстүрлі игерудің, тұрмыс қажетін өтеудегі халықтық білім жүйесінің көрінісі (Лейбин альбомы, №29-30). Шу өзенінің сол жағасындағы Наурыз шатқалында, Шудың сол сағасы Кочкар өзенінің жағасында, Ыстықкөл көлінің оңтүстік-шығыс жағалауында тұзды қатпарлар жиналған (Васильев, 1915, 202). Жергілікті қазақтар осы жердегі тұзды тұрмыс қажетіне өңдеген.

П.А.Лейбин «Бәйге» ұлттық ат ойынан бірнеше фото түсірген. Альбомға «Бәйге алдында» (Лейбин альбомы, №130), бәйге аттарының жиналып шабуға дайындық кезі берілсе, аттардың бәйге шабу үрдісі кезінде түсірген «Аламан бәйге» (Лейбин альбомы, №134, 136) деп атаған фотосын В.А.Васильевке ұсынады. В.А.Васильев оны «Қазақ бәйгесі» деген атаумен басады (Васильев 1915, 168а). Бәйге мәресі ретінде Ресей туының тігілгені анық байқалады (Лейбин альбомы, №131, 135), бұл қазақ даласына жүргізген отарлық саясаттың ұлттық құндылықтарға да тісінің батырғанының айғағы.

В.А.Васильевтің жұмыс тобы Тянь-Шань тауы етегінде жайлаулық қоныс пен жайылымнан жазғы 2,5 ай ішінде 8 095 000 мал басын есепке ала отырып осы жайлауға тағы 1500 000 мал басы сиятындай жайылым қоры барын айтады (Васильев 1915,166). Осы топтың есептеуі бойынша Шу-Іле алқабында жалпы мал есебін қазақтарға бөлсе бір қазақ отбасына орта есеппен 6,11 – жылқы, 3,91 – ірі қара, 42,60 – қой-ешкі, 0,67-түйе (Васильев 1915,119).

Шу-Іле қазақтарының дәстүрлі тұрмысын В.А.Васильевтің жұмыс тобы да фототіркеуге алған. Олардың қатарында «Қазақ киіз үйінің сыртында» деп аталатын фотосуреттің мазмұны күрделі. Әйелдердің киіз басу көрінісі күз мезгілі екенін аңғартады. Киіз үйдің белдеу арқанына қыстырылған түрлі шаруашылық құралдарын қыл арқан, шөміш және киіз үйге сүйелген бірнеше ақши орандысын көруге болады (Васильев 1915, 158а).

«Жайлау», «Іле мен Шу аралығы» фототіркеулер мерзімдік қоныстан, ал «Іле өзенінің төменгі ағысы бойындағы сексеуілді алқап», «Шу өзенінің

төменгі ағысы бойындағы сексеуілді алқап», «Іле өзенінің төменгі ағысының ескі арнасы бойындағы Бақанас өңіріндегі сексеуілді алқап» фототіркеулер сексеуілдің тұрмыс қажетін өтеудегі маңызды табиғат өнімі екенін аңғартады (Васильев 1915, 80а, 84а, 90а, 92а, 98а). В.А.Василев өзінің осы еңбегімен П.А.Лейбин екеуі арасындағы әріптестік байланысты көрсеткен.

П.А.Лейбин мен Булгаковтың оңтүстік-шығыс пен шығыстан түсірген фотолары ХХ ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі қазақ тұрмысының болмысын дәлме-дәл береді. Фотоқұжаттардың деректік маңызы жазба, мұрағаттық нарративтік құжаттармен пара-пар. Әрине, П.А.Лейбин мен Булгаков фотоальбомдарында кездесетін деректер оңтүстік-шығыс және шығыс қазақтарының аймақтық этнографиялық ерекшелігін айғақтайтын фотоқұжаттардың бір бөлігін ғана қамтиды.

Багаев Дмитрий Поликарпович (1884, Тамбов - 1958, Павлодар) - көрнекті фотограф, өлкетанушы, Павлодар тарихи-өлкетану музейінің негізін қалаған. 1905 жылдан - фотостудия иесі; 1912 жылы - Тамбов фотоқоғамының мүшесі болып сайланған; 1928, 1930, 1952, 1956 жылдары - Қазақстандағы және Павлодар Ертісіндегі көптеген этнографиялық экспедициялардың мүшесі болып, экспедиция кезінде дәстүрлі қазақ тұрмысынан маңызды фототіркеулер жасаған.

1936-1942 жылдары Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің корреспондент-мүшесі болып тағайындалған, осы ұйымның «Қазақстанды зерттеу қоғамының» Павлодар бөлімімен тығыз, әрі белсенді жұмыс істеген. 1928 жылдан бастап аудандық, облыстық газет беттерінде өлке тарихына қатысты 154 мақалалар мен хабарлар, соның ішінде Коряковское көлі, Екібастұз, Баянауыл, Майқайың туралы көлемді мақалалар жариялады.

1942-1958 жылдары Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметін атқарған. Қала мен облыстың жарты ғасырлық фотошежіресін жасаған (1905-1958), негативтердің саны 3000-нан асады. Д.Багаев фотоколлекциясы негативтері ҚРФДБКМ сақталған.

Павлодар мемлекеттік архивінде Д.Багаевтың жеке қоры сақталған. Д.Багаевқа 1990 жылы Павлодар тарихи өлкетану музейі ғимараты қабырғасынан ескерткіш тақта орнатылады, 1991 жылы Павлодар қаласынан көше аты берілген. 2001 жылы 30 қаңтарда Д.Багаевтың тұрған үйінен Павлодар қаласынан Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде Д.Багаевтың музей үйі ашылған. Музей үйдің ғимараты 19 ғасырдың соңындағы буржуазиялық өмірдің тарихи және сәулет ескерткіші болып табылады. Үйдің бір бөлмесі фотостудия ретінде жабдықталған және оның интерьерінің негізгі дені Д.Багаевтың өзіне тиесілі. Музей экспозициясындағы негізгі экспонаттарды Д.Багаевтың фототіркеулері құрайды. Д.Багаев өз бетінше де зерттеу мақсатында өлкенің тарихи орындарына саяхаттар ұйымдастырған. Д.Багаев Ертіс өзені оң жақ жағалауына 1929 жылы академик Юрий Орлов жүргізген «Қаз ұшағы» бойынша алғашқы қазба жұмыстарына қатысқан. Осы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған неоген, антропоген дәуіріне саятын жануарлар

сүйектерінің көпшілігі Москва мен Ленинградтың палеонтологиялық музейіне алынып, бірқатарын Д.Багаев өзіне қалдырып, үйіндегі арнайы шкафта сақтаған. Музейде фотосуреттерді басып шығаруға арналған аксессуарлар қойылған. Д.Багаев: «Мен тарих фотосуретсіз жазылмайтынын білемін», - деген және оның бұл сенімділігі оның фотосуреттерінде толық көрінеді.

Дәстүрлі, тарихи қоғамның дәлме дәл болмысын өз еңбегінде негіздеу үшін фотошежірелерге тарихшылар, этнографтар, музейтанушылар ғана емес, кәсіби және әуесқой фотографтар да жүгінеді. Қазіргі фотографтар үшін, өткен дәуірдің классик фотографтарының тәжірибесі кәсіби талдау, кәсіптің тарихи тамырлары, даму жолдарын тану үшін қажет. Тарихи дәуірлердегі фотостудиялар жұмысы қол еңбегіне, химиялық, физикалық технологияларға тәуелді болса, и бұл күнгі фотоістер дамыған компьютерлік технологияға, цифрландыру, цифрлы өңдеуге тәуелді.

Фотошежірелер мұрасының өскелең ұрпақты отансүйгіштік, туған жеріне деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеудегі маңызы зор.

Фильструп Федор (Теодор) Артурович (19.02.1889 - 1934 (?)) зерттеулерімен байланысты фотодерек біз зерттеу нысанына алып отырған аймақ қазақтарының этнографиялық деректілік қорын құрайды. Ф.А.Фильструптың этнографиялық зерттеулері Солтүстік және Оңтүстік Америка халықтарының тарихы мен этнографиясы; түркі халықтарының тарихы мен этнографиясы; этнолингвистика; фольклор бағытына арналған. Осы саладағы ғылыми жетістіктері нәтижесінде Император Ресей Географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталған (1916). Антропологиялық қоғам, Петроград университетіндегі роман-герман және географиялық үйірмелері мүшесі, Анциферовский үйірмесін ұйымдастырушылардың бірі болған. Ол түркі халықтарының этногенетикалық және тарихи-мәдени байланыстарын салыстырмалы тарихи мағынада зерттеді. 1920-1930 жылдар аралығында тоғыз ірі экспедиция құрамында жұмыс жасады, соның ішінде Батыс және Шығыс Қазақстан (1926, 1927) қазақтарына қатысты далалық зерттеулері қазақ этнографиясы үшін маңызды этнодерек.

Дудин Самуил Мартынович (19.08.1863 – 09.07. 1929). ж. 1892-1898 жылдары Өнер академиясында білім алған, Кунскамера/МАЭ 1911-1929 жылдары суреттер мен фотосуреттер және модельдік шеберхана бөлімінің меңгерушісі, 1913-1929 жылдары Шығыс және Батыс Түркістан көне жәдігерлер бөлімінің меңгерушісі, 1918-1929 жылдары Радлов атындағы үйірмесінің хатшысы болып қызмет атқарған. Археология, этномузейтану, визуальды антропология бағытында ғылыми зерттеулермен айналысқан. В.В. Радлов, С.Ф. Ольденбург жетекшілігімен көптеген экспедицияларға қатысып, этнографиялық және археологиялық коллекцияларды жинауға үлес қосқан.

Де-Лазари Константин Николаевич (05.03.1869, Кременчуг – 01.11.1930, Лодзь (Польша) - XIX - XX ғасырдың басындағы фотосуретші. Константин де Лазари Полоцк кадет корпусында, одан кейін

Радам ерлер гимназиясында (Польша) және Елизаветград атты әскер училищесінде оқыған.

1889-1892 жылдары Патшалық Ресей әскерінде қызмет етті. 1892 жылы зейнеткерлікке шыға отырып, шенеунік қызметте болған, суретке түсірумен айналысқан. Жетісу облысы Лепсі уезінің бастығы болып, Ресей империясының санағына (1897) қатысқан ол қазақтар мен қырғыздардың көшпелі тұрмысы туралы жүздеген фототіркеулерін Антропология және этнография музейіне жіберген. Кунсткамераның фотоқорының жасақталуына сіңірген еңбегі туралы В.А.Прищепова былай деп жазады: «Музей қызметкерлері К.Н.де Лазаридің жинақтарын шыдамсыздықпен және ризашылықпен күтіп жүрді» (Прищепова, 2011: 140-142).

Константин де Лазари түсірген фотосуреттер Ресей, Италия, Швейцария, Голландия және т.б. елдерде, Лодзь кинематография музейінде сақталған.

1899-1915 жылдары Польшада Новорадомск және Люблин қалаларында бейбіт делдал және шаруалар істері жөніндегі комиссар, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде 2-армияда Қызыл Крест бастығы көмекшісі болып қызмет атқарған. 1921 жылы Польшаға эмиграцияланып, поляк азаматтығын алады. Ол Лодзь қаласындағы Ескі зиратқа жерленген.

2006 жылы, Польша, Лодзь қаласында Константин де Лазаридың фотосуреттерінен [«STARE ZDJĘCIA»/ «Киргизы и казахи конца XIX века»](#) атты көрме өткен. Көрмеге Жетісу, шығыс қазақтарының да тарихи фотосуреттері қойылған еді.

Оңтүстік-шығыс қазақтарының фотоколлекциясы Кунсткамера қорына 1894 және 1897 жылдары фотограф Ф.Ордерден сатып алынған фотоқұжаттармен толығыады. Ол өз фотоколлекциясын белгілеуге «Ордэн», «Ф.ОрдеN», «Ф.ОрдеH», «Ордэт», «М.Хордэт» деген қолтаңбаларды қолданған.

Оңтүстік-шығыс және шығыс қазақтарынан ең бай фотоколлекцияны С.М.Дудин фототіркеуі береді. (Прищепова, 90-100).

Кітап-альбомның екінші бөлімінде Шу, Талас аңғары, Аққайнар, Еспе, Іле аңғарында жүргізілген далалық-этнографиялық зерттеу кезіндегі фототіркеулер қамтылады.


Далалық зерттеудің бір бағыты Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы қазақ шаруашылығын қамтыды. Баян-Өлгийге қоныстанған қазақтардың атамекені - қазақ жерінің шығысы. Сондықтан да, Баян-Өлгийдегі далалық зерттеу қазақ жерінің оңтүстік-шығыс және шығыс қазақтарының аймақтық этнографиясын Баян-Өлгий қазақтарының этнографиясын салыстырмалы сараптау, дәстүрлі этникалық мәдениеттегі ортақтығын, иденттілігін анықтау мақсатында жүргізілді. Мерзімдік қоныстар қыстау, көктеу/күзеу, жайлаулық жерлердің жайылымдық қоры, тас қоралар, дәстүрлі баспана тұрғызу мәдениеті, дәстүрлі мал шаруашылығын ұйымдастыру, көшу жолдарын иегеру, көш көлігін

ұйымдастыру, төрт түлік малдың қамы, қосалқы кәсіп түрлері, аңшылық, құсбегілік, құдықшылық кәсібі, қолөнердің дамуы, ас-тағам жүйесі, отбасылық ғұрыптар, наным-сенімдер жүйесі, музейдегі этнографиялық ескерткіштерге қатысты 2000-ға жуық этнографиялық мазмұндағы мұралар фототіркеуге алынып, фототіркеулер жайлаулар, мерзімдік қоныстар бойынша жіктелді.


Кітап – альбомның екі бөлімінде де тек фототіркеулер қамтылды. Әрине визуальды деректер қатарын *сурет, сызба, көркемсуреттер* де құрайды. Фотография пайда болғанға дейін этнографиялық экспедициялардың жұмысында суретшілерге үлкен рөл берілді. Қазақтарға қатысты этнографиялық сурет-сызба деректер қатарын қалыптастырған зерттеушілер қатарында Т. Аткинсон, Т. А.Т. Фон Миддендорф, О.Финш, А.Брэм, В.Верацагин, И. Кастаньені айтуға болады. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ауылының келбетінің «Живописная Россия» жинағында жариялаған сызба нұсқасының бұл күнде маңызы ерекше.



Жетісудағы жайлау. В. Верещагин. 1869 ж.



Көш. Жетісу. В. Верещагин. 1869 ж.



Қазақ ауылы. Жетісу. В. Верещагин. 1869 ж.



Қазақ ауылы. Жетісу. В. Верещагин. 1869 ж.

1848-1852 жылдары қазақ даласында болып, тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізген Томас Уитлам Аткинсонның Семей, Аякөз, Қапал, Алматы өңірлерінен жасаған жалпы саны 125 сызба-суреттері қазақтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, билеуші топтары арасындағы талас-тартысы туралы сызба суреттердің маңыздылығы жылдар өткен сайын арта түсуде. Қазақтар бет-бейнесін фотолар, сурет-сызбалар арқылы көрсеткен шет елдік саяхатшылар қатарында Г.Ланселл, А.Брем, Г.Ю. Клапрот, Б. Залицкий т.б. атауға болады. Сурет-сызбалар сол кезеңдегі қала, елді мекен, бекеттердің, тарихи ескерткіштердің көрінісінен мәлімет береді.

Фотография ойлап табылғаннан және қолданысқа енгізілгеннен кейін де нысанның суретін сызу фотофиксациямен қатар сақталып отырды. Ғылым саласында фотографияны қолдану тарихи, археологиялық, этнографиялық білім жинау үдерісіне сөзсіз септігін тигізді. Ғасырлар тоғысында модаға түсе бастаған фотография және иллюстрацияларға қызығушылықтың болуының арқасында қазақтардың мәдениеті жөнінде аса қомақты және алуан түрлі фотографиялық материал жиналды.

Зерттеу нысанына алынған өңір этнографиясының сурет, сызба, көркемсуреттегі деректілігі жеке бір кітапқа жүк болатын ақпарат болғандықтан, кітап-альбомның алдағы жылдардағы жалғасында көрініс табады.

Бұл өңір қазақтарының этнографиялық фотодеректілігін кешенді қарастыру бір кітап-альбомның аясына сыймайтындықтан, біз бұл зерттеуде таңдаулы фотодеректермен ғана шектеліп отырмыз. Фотокұжаттарға қарап, оңтүстік-шығыс, шығыс қазақтарының физикалық антропологиялық

келбетінің қазіргі күнгі осы өңір қазақтарының антропологиялық келбетінің еш айырмашылығы жоқ деп айтуға болады. Біз зерттеу нысанына бөліп алып отырған аймақ қазақтарының иллюстрациялық жинақтарының барлық көрнекі материалдарын бір мақала аясында қамту мүмкін емес. Бұл материалдардың этнографиялық құндылығы, дәстүрлі қазақ қоғамын шынайы бейнелейтін сирек құжаттар қатарында саналуында. Дәстүрлі құндылықтарымыз трансформацияға енген қазіргі заманда тарихи фотосуреттер «куэгер» ретінде құндылықтардың бастапқы қалпы мен бүгінгі қалпын салыстырмалы сараптау жасауға мүмкіндік береді. Иллюстрациялық этнографиялық материалдарды одан әрі зерделеу өлке қазақтарының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің әртүрлі тұстарын қайта жаңғыртуға негіз болады.

Тарихшы, этнограф ғалымдар үшін тарихи дәуірлерден келіп жеткен деректер қатарында визуалдық деректер де зерттеу нысанасындағы халықтың байырғы тіршілік жүйесінің іздерін, олардың сақталу, синтезделу жолдарын ғылыми талдауға, дәстүрлі ерекшеліктерді ғылыми-теориялық және методологиялық саралауға негіз болады. Суретке түсіру өнерінің үздік үлгілері тарих ғылымы және оның салаларын насихаттауда таптырмас құралдың бірі.

Қазіргі заманғы уақыт виртуалдық мүмкіндіктер мен ақпараттық технологиялардың заманы. Сондықтан да аудиовизуалды құжаттарды цифрлы өңдеу, цифрлы қорға айналдыру, виртуалды реставрацияланған нұсқасын ғылыми айналымға ендіру маңызды мәселелердің бірі. Бұл күнде музейлер мен мұрағаттарда көне фотосуреттерді реставрация жасау, цифрлы өңдеу ісін жүйелі жолға қойып келеді. Себебі, қағаз уақыт өткен сайын бұзылуға, сарғаюға бейім келеді. Тек қана байырғы қоғам ғана емес, қазіргі кезеңдегі зерттеуде, әсіресе археология, этнография ғылымындағы экспедициялар, реставрация, консервация ісі, атрибуция, өңдеу жұмыстары барысы фотофиксациясыз дәлелді болмайды. Осыған орай, ғылыми зерттеуде, мәдени, тарихи және ақпараттық әлемде аудиовизуалды құжаттардың маңыздылығы арта түседі.

Әдебиеттер

АЭМ – авторлардың экспедициялық материалдарынан: Быжы, Күрті, Еспе бағытындағы этнографиялық барлау, далалық жұмыстары, 2022, күз.

Азиатская Россия. Издание переселенческого управления главного управления землеустройства и земледелия. Том 1. Люди и порядки за Уралом. – Санкт-Петербург: Товарищества «А.Ф.Маркс». 1914. - 576 с. + ил.

Антропологический отряд Казахстанской экспедиции Академии Наук, Фотографии Булгакова. 21 лист. Ұлттық кітапхана, Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры.

Алибий. Из долины Сусамыра. Туркестанские Ведомости, 1903. №58. 20 июля. С.358-359.

Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы. 1969. - 170 б.

Баллицкий Ю. Заметки о кочевом населении в Верненском уезде (из записок организационных комиссий Семиреченской области). Туркестанские ведомости. №6. 6 февраля. 1973

Брусилловская Е. Внимание снимаю. Казахстанская правда. 17 август. 2018.

Василев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Петроград. 2015. - 277 с.

Вишневецкая В.А. Иллюстративные коллекции С.М. Дудина по этнографии Средней Азии и Казахстана // Краткое содержание докладов Среднеазиатско-Кавказских чтений. Апрель 1985. - Ленинград, 1986. С. 40-41.

Громов Г.Г. Методика этнографических экспедиции. Вестник антропологии Института этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. №1(29). 2005. С. 122-143.

<https://www.elibrary.ru/item.asp?id=47855791> (Қаралған күні: 01.04.2023)

де-Лазари Константин Николаевич Собиратели. <http://collection.kunstkamera.ru/entity/OBJECT/75100?person=3513101&index=2> (Қаралған күні: 01.04.2023)

Гринберг И.Э. Евреи в Алма-Ате. Краткий исторический очерк. - Алматы. Типография «Искандер». 2005. - 380 с.

Дмитрий Поликарпович Багаев «Жизнь и быт казахского народа на рубеже XIX - XX веков» // <https://www.photographer.ru/events/afisha/1106.htm>

Дом-музей Багаева // <https://silkadv.com/en/content/dom-muzey-bagaeva>

Жансүгіров І. Қақпан. /Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2004. - 432 б.

Загряжский Г.С. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. Туркестанские ведомости. Ташкент, 1874. №25, 28.

Лейбин Павел Саламонович. Собиратели. <http://collection.kunstkamera.ru/entity/OBJECT?person=3648150> (Қаралған күні: 01.04.2023)

Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдаринская область. Аулиеатаинский уезд. Ташкент. 1911.

Картаева Т. Қабылисадағы дәстүрлі қазақ қоғамы. Қабылиса. Қабан жырау. Тарақ таңбалы тарлан. - Алматы: Аспан. 2022. - 57-63 бб.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-томдық. Редактор: Н.Әлімбаев. - Алматы: Әлем даму интеграция. 2017. - 816 б.

Казахи 100 лет назад. История в фотографиях // <https://tengrinews.kz/fotoarchive/kazahi-100-let-nazad-istoriya-v-fotografiyah-1127/>

Казахско – русские отношения в XVI – XVIII вв.. Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Издательство АН КазССР. 1961. - 743 с.

Садырбайұлы С. Жамбыл жайындағы алғашқы жарияланымдар. Егемен Қазақстан. 19 сәуір. 1996. - 5 бет.

Төлебаев Мырзахан. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы. 1998

Труевцева О.Н., Кожокар В.Н. Дмитрий Багаев – хранитель культурного наследия народов Казахстана. Вестник СПбГИК. 1(50) март 2022. <https://cyberleninka.ru/article/n/dmitriy-bagaev-hranitel-kulturnogo-naslediya-narodov-kazahstana/viewer>

Прищепова В.А. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX - начало XX века в собраниях Кунсткамеры. - Санкт-Петербург: Наука.2011. - 452 с. +Ил.

Проскурин В. (2001). Евреи в Семиречье (XIX - начало XX в.) Из истории евреев в Казахстане (XIX в. – начало XX в.). Сборник статей. - Алматы: КазгосИНТИ, 2001. - с.51-62.

Особая ценность документальных снимков фотографа Багаева о Голоде // <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-pavlodar-dom-muzey-bagayeva/29284199.html>

Фотоальбом П.А. Лейбина. 1913. Военному Губернатору Семиреченской Области генерал-лейтенанту Михийлу Александровичу Фольбаум от киргиз-Верненского уезда участвующих на Семиреченской сельско-хозяйственной промышленной выставке 1913 года, в память 300-летия Царствования Дома Романовых. Верный. 25 лист. Ұлттық кітапхана, Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры.

Ушаков Н.В. Цифровое фото и видео полевые материалы как новая форма музейных предметов. Вопросы музеологии. 2 (10). 2014. <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovye-foto-video-polevye-materialy-kak-novaya-forma-etnograficheskikh-muzeynyh-predmetov/viewer> (Қаралған күні: 02.04.2023)

Шипицин А.И., Плужникова Н.Н., Елистратова Е.А. Антропология вещи в городской культуре: концептуальные основы и поиск метода: монография. – Волгоград: Изд-во Волгоградского института управления – филиала ФГБОУ ВО РАНХиГС, 2016. – 166 с.

Чибисов К.Б. Очерки по истории фотографии. – Москва: Искусство, 1987. – 256 с.

Чубаров И.М. Освобожденная вещь vs. овеществленное сознание. Взаимодействие понятий «остранение» (Verfremdung) и «отчуждение» (Entfremdung) в русском авангарде // EINAИ: Проблемы философии и теологии. – 2013. – Том 2, № 1/2 (3/4). – С. 5–22.

Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices/ <https://ich.unesco.org/en/lists> (Қаралған күні: 04.10.2022).

Konstanty de Lazari. Kirgizi I Kazahowie konca XIX wieku https://web.archive.org/web/20090925012538/http://www.tygielkultury.eu/10_12_2006/aktual/55.htm